

СЫН-ПІКІР

Динекердің тұрмыса
(жұмыс түрінің атауы)

Сана Баупұлжан Әзізбекшін

(білім алушының аты-жөні)

58080500 - Су ресурстарынан пайдалану
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: "Акиматтың 18 арасынан сұрағаттар аралық

аудиши ортуқ сүйенін қолданбағынан ету мәселелері"

Орындауды:

а) сыйба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 36 бет

ЖҰМЫС ШІШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Жауапті көрде төра тиесін қарындағы ауди сүйе деңгелі шыншылдық өндіріскең көзінде сұрупшылармен бірге. Есептегендегі бойғаннан даңыншын есептегіп шамашын 1 шын. Ауди сүйе ғана даңыншының төбе анықтап отыр, алғанда анын 20% төра сүйе сүйе тапсын. Шамашын 2 шын. Ауди көзіндең үшінен бар мөғайын 1800 тегінде алғасын отыр, бірақ ауди сүйенін таңа сүйең төмөнкілікке бағынадын ет үрий сұрупшыларға дегенде. Сөдергүлдемең динекердің пішіншін 1800 тегінде алғасын отыр. Ауди көзіндең 1) орнографиялық 180 тегінде бар; 2) пішіншін 100 тегінде көзінде 150 тегінде бар.

Жұмысты бағалау

Динекердің тұрмысы «80» деңгелештесінде сана б.к. 58080500 - су ресурстарынан пайдалану мәселелеріндең 180 тегінде бар.

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
Сын-пікір беруші

М.Ф. № 2022 ж.

РЕСУРСТАРЫ САЛУЙЕТІ

В.Роз-

д.т. Козынкеева

(қолы)

(аты-жөні)

«13»

05

2022 ж.

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Дипломдық жоба

5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Тақырыбына: Алматы облысы Қарасай ауданы Сұраншы ауылын ауыз сүмен қамтамасыз ету жобасы

Дипломдық жобаны диплом алдындағы практикадан өту кезінде жинаған материалынан алынды.

Дипломдық жобаны уақытылы құрастырған автор негізінен күнтізбелік жоспармен белгіленген уақыт шеңберінде жұмыс жасады.

Жобамен жоспарланған жұмыс көлемі келесі кезеңдерден тұрады: Алматы облысы Сұраншыл ауылын ауыз сүмен қамтамасыз ету, судың қажеттілігін зерттеу, су құбыры мұнарасы мен резервуарларын есептеу, сондай-ақ қажетті су құбырын тазарту станциясын таңдау, сондай-ақ құрылышты ұйымдастыру және технологиясы мәселелері ұйымдастыру үшін материал алуға бағытталған.

Берілген графикалық қосымшалар тиісті деңгейде орындалды, бұл жоба авторының дипломдық жобаның басты аспектілерін толық көрсете отырып, қазіргі заманғы бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеуге қажетті дағдыларды менгергенін көрсетеді.

Дипломдық жоба бойынша жұмыс кезінде Сапа Бауыржан өзін жұмысқа қабілетті, алдына қойылған мақсаттарды өз бетінше шеше алатын ұйымдастырылған адам ретінде көрсетті.

Диплом жобасының авторы «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша бакалавр атағын беруге лайықты және 78 пайызга бағалаймын.

Ғылыми жетекші

PhD, лектор

Э.М.Көлдеева Э.М.Көлдеева

«13» мамыр 2022 ж

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Сапа Бауыржан

Тақырыбы: Алматы облысы Қарасай ауданы Сұраншы ауылын ауыз сүмен қамтамасыз ету жобасы (1).doc

Жетекшісі: Эльмира Кульдеева

1-ұқсастық коэффициенті (30): 5.2

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0.5

Дәйексөз (35): 0

Әріптерді ауыстыру: 56

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Фылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плашият болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плашият болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плашиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бүрмаланып плашият белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 23.05.2022

Кафедра менгерушісі

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Сапа Бауыржан

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Алматы облысы Қарасай ауданы Сұраншы ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы (1).doc

Научный руководитель: Эльмира Кульдеева

Коэффициент Подобия 1: 5.2

Коэффициент Подобия 2: 0.5

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 56

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 23.05.2022

Заведующий кафедрой

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Сапа Бауыржан

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Алматы облысы Карасай ауданы Сұраныш ауылдын ауыз сүмен қамтамасыз ету жобасы (1).doc

Научный руководитель: Эльмира Кульдеева

Коэффициент Подобия 1: 5.2

Коэффициент Подобия 2: 0.5

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 56

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заемствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заемствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 23.05.2022


проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылым институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖж/еЖ кафедра менгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

«12 » 05 Алимова К.К.
2022 ж.

Дипломдық жобага
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Алматы облысы Қарасай ауданы Сұраншы ауылын ауыз сумен
қамтамасыз ету жобасы»

5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану мамандығы

Орындаған

Сапа Б.Қ.



Жетекші
PhD, лектор

«12 » 05 Кульдеева Э. М.
2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет және құрылым институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Сапа Бауыржан Куанышұлы

«Алматы облысы Қарасай ауданы Сұраншы ауылын ауыз сумен қамтамасыз
ету жобасы»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылым институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану мамандығы

БЕКІТЕМІН

ИЖж/еЖ кафедра менгерушісі
техн. науканд, қауым. проф.


«29 » 01 2022 ж.
Алимова К.

Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы Сапа Бауыржан Куанышұлы

Тақырыбы: «Алматы облысы Каасай ауданы Сұраныш ауылын ауыз сүмен қамтамасыз ету жобасы»

Университет басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан № 489-п/ө бүйрүгымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы деректері:

Нысанның орналасқан орны:

Дипломдық жоба да қарастырылатын мәселелер тізімі

a) Технологиялық бөлім;

b) Техникалық бөлім;

v) Техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Сызбалық материал дар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Сүмен жабдықтау объектісінің ахуалдың жоспары;

2) Таза су резервуары

3) Су мұнарасы

4) Жұмыс өндірісінің технологиялық схемалары

5) Су құбыры тазарту станциясы

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер 15 тараудан құралған

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекшімен, кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	01.02.22 – 25.02.2022	<i>Оригинал</i>
Техникалық бөлім	28.02.2022 – 20.03.2022	<i>Оригинал</i>
Экономика бөлімі	25.03.2022 – 17.04.2022	<i>Оригинал</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылауышының
аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Техникалық бөлім	Э.М. Кульдеева, PhD, лектор	<i>17.04.22</i>	<i>Ориг.</i>
Экономика бөлімі	Э.М. Кульдеева, PhD, лектор	<i>17.04.22</i>	<i>Ориг.</i>
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн.фыл.канд., қауым.проф.	<i>11.05.22</i>	<i>Ориг.</i>

Жетекші

Кульдеева Э. М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Сапа Б.К.

Күні

«24» 01

2022 ж.

АНДАТПА

Дипломның жалпы бөлімінде жұмыс ауданы туралы мағлұматтар, оның орналасқан жері, орогидрографиясы және климаты туралы жазылған. Сондай-ақ участкілердің гидрогоеологиялық мен геологиялық құрылышы көрсетілген.

Негізгі бөлімде жаңа ұнғыны қазу және оны пайдалану сұрағы шешілген.

Экономикалық бөлімде жобаның барлық техника-экономикалық көрсеткіштері есептелді.

Еңбекті қорғау және өндіріс қауыпсіздігі бөлімінде адам өміріне зиян келтіретін факторларды анықталып және оларды алдын-алу іс-шаралары қарастырылған.

АННОТАЦИЯ

В общей части дипломного проекта написаны сведения о районе работ, ее местоположение, орогидрографии, гидрографии и о климате. А также приводятся сведения о состоянии гидрогоеологической изученности горизонтов и о геологическом строении участков проектируемых работ.

В разделе методика рассмотрены вопросы о целевой необходимости проведения данных работ, о ее методах проведения, опытно – фильтрационные работы и гидродинамические исследования.

В разделе экономики рассчитаны все основные технико-экономические показатели.

В разделе охрана труда и техники безопасности определены вредные факторы воздействующие на здоровье человека и методы их предотвращения. Произведены инженерные расчеты освещения.

ABSTRACT

The general part of the diploma project contains information about the area of work, its location, orohydrography, hydrography and climate. It also provides information on the state of hydrogeological knowledge of the horizons and on the geological structure of the areas of the planned work.

In the methodology section, questions are considered about the targeted need for carrying out these works, about its methods of carrying out, experimental filtration work and hydrodynamic studies.

In the economics section, all the main technical and economic indicators are calculated.

In the section on occupational health and safety, harmful factors affecting human health and methods for their prevention are identified. Lighting engineering calculations were made.

МАЗМУНЫ

KIPIСПЕ	8
1 Жобалау ауданың табиғи климаттық сипаттамасы	9
1.1 Қазіргі кезде елді-мекеннің сумен қамтамасыз етілу жағдайы және жоба бойынша қабылданған шешімдер	9
1.2 Сұранышыл ауылы аумағының инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары	10
1.3 Су үстайтын қабаттың гидрогеологиялық жағдайлары	11
2 Техникалық бөлім	11
2.1 Су пайдаланушылардың құрамы және су қолданудың мөлшері	11
2.2 Су қолдану режимі	12
2.3 Су қолданушылардың ең жоғарғы су шығындарын анықтау	13
2.4 Өрт сөндіргіш	13
2.5 Су қамтамасыз ету жүйесін және су көзін таңдау	14
2.5.1 Сумен қамтамасыз ету көзін таңдау	14
2.5.2 Сумен қамтамасыз ету жүйесін таңдау	14
2.6 Санитарлық қорғаныс аймақтары	15
2.6.1 I көтергіш сорап станциясының торабы	15
2.6.2 II көтергіш сорап станциясының торабы	17
2.7 Суалғыш құрылыштар	19
2.8 Су сапасын жақсартуға арналған құрылыштар	19
2.9 Су өткізгіштер	21
2.10 Су өткізетін таратқыш жүйелер	21
2.11 Таза су резервуарлары	22
2.12 Арынды су мұнарасы	22
2.13 II көтергіш сорап станциясы	23
2.14 Жұмысшы сораптарының санын таңдау	23
2.14.1 Жұмысшы сораптың есептелуші Арыны мен су шығынын анықтау	24
2.14.2 Жұмысшы сораптың түрі мен маркасын таңдау	25
2.14.3 Өрт сөндіру кезіндегі сораптың арыны мен су беруін анықтау	26
2.15 Су әкелінетін құбырлардың өлшемдерін анықтау	28
2.16 Арынды су өткізгіш құбырдың диаметрі мен су шығынын анықтау	29
2.17 Гидравликалық соққы кезіндегі арынды су өткізгіш құбырдың қабырғасының қалындығын анықтау	29
2.18 Жапқыш және қорғайтын арматураларды таңдау	29
2.19 Су құбыры сипаттамасын сорап сипаттамасында түрғызу	30
2.20 Сорап өсі белгісін анықтау	30
2.21 Өртке қарсы сақтық шаралары	30
2.22 Объектілердің жұмыс тұрақтылығы негіздері	31
2.23 Объектіні сумен жабдықтау жүйесінің тұрақтылығы	32

3 Техникалық-экономикалық көрсеткіштер	33
3.1 Сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылымының анықтау	33
3.2 Пайдалану шығындарын анықтау	33
3.2.1 Сумен қамтамасыз ету жүйесінде суды тазарту реагенттердің құны	34
3.2.2 Электроэнергияның құны	35
3.3 Судың өзіндік құнын анықтау	35
КОРЫТЫНДЫ	
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Республикамыздың ауылдық жерлерінде осы мәселеге байланысты көптеген күрделі мәселелер бар. Елді мекендердің қаладан кемшілігі қазіргі заманға сай жаракталған үйлердің болмауы, медицина салаларының қамтамасыз етілуінің төмендегі және, медицина салаларының қамтамасыз етілуінің төмендігі және, ең қыны кейбір елді мекендерде ауыз судың сырттан тасып әкелетіндеріндігі. Шешімін таптай жатқан осы мәселелер айналып келгенде жақсы жаракталған, білімді, қазіргі заман талабына сай сапалы, әрі арзан да тиімді жобалар жасай біletін мамандарды қажет етеді.

Тексеру есебін жүргізу барысында анықтадық. Желінің қабылданған есептік параметрлері биік өрттік шығындарды өткізуге шыдамды. Гидравликалық есептеулер нәтижесінде және жер бедерін ескере отырып, изометрлік сыйықтық белгілерін және желідегі еркін арындарды анықтады.

Желідегі жоғарғы арындар аспайды. Сол себептен қорытындылай келе желілер және су құбыр арматурасы желідегі қысымдарға шыдайды.

II көтеру сорап станциясының жұмыс істеу режимін және елді – мекеннің су тұтыну реттеу үшін Рожковскийдің болат су арынды мұнарасы қабылданды. Оның сыйымдылығы өртке қарсы су құбырын ескере отырып 50m^3 -қа тең I-ші және II көтеру сорап станциясының жұмыс істеу режимдерін реттеу үшін жалпы сыйымдылығы 300 m^3 екі таза су резервуарын қабылдадым.

Берілетін судың 1 m^3 өзіндік құнын анықтау үшін жинақтау объектісіне және локальды сметалар есептелді, құрылыштың жалпы құны 29900 млн теңге құрады. Жылдық пайдалану шығындарын осы мәліметтерге сүйене отырып 1m^3 судың құны $12,36\text{ m}^3/\text{тенге}$.

Жер асты сулары жалпы көлемі жағынан теңіздері мен мұхиттардағы сулардан кейін екінші орында. Жер асты суларының басты ерекшелігі олар экологиялық таза күйінде сақталып, күрделі қаражат жұмсамай ақ пайдалануға дайын болуы. Сондықтан республикамызда ауыз су ретінде негізінен жер асты суларын пайдаланған тиімді.

1 Негізгі бөлім

1.1 Қазіргі таңда елді-мекеннің сумен қамту жағдайы және жоба бойынша қабылданған шешімдер

Қарасай ауданында орналасқан Сұранышыл ауылында бір кездерде орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынып, артезиандық ұңғымалар қазылған. Бірақ тоқсаныншы жылдардағы дағдарысты жағдайларға байланысты аяқсыз қалдырылған. Қазіргі кезде ауыз су қажеттілігі үшін шахталы құдықтар, сондай-ақ артезиан ұңғымалары қолданылады. Қазіргі кезде ауыл тұрғындары және басқа өндірістік қажеттіліктерді сумен қамтамасыз етуге арналған көрсетілген су көздері жетіспейді және санитарлық нормаларға сәйкес келмейді.

Бұл дипломдық жұмыста елді мекенді орталықтандырылған сумен қамту құрылышын комплексті түрде жобалау қарастырылған.

Жобада 2 ЭЦВ 8-40-60 сораптарымен жабдықталған су алғыш қарастырылған және су алғыштың құрылышы ауданында орналасқан комплексті су құбыры ғимаратының құрылышы құрамы мыналар кіреді:

- 1 Ұңғымамен бірлестірілген I көтергіш сорап станциясы.
- 2 Әрқайсысының сыйымдылығы 300 m^3 екі таза су резервуары.
- 3 II көтергіш сорап станциясы.
- 4 Хлоратор бөлмесі.
- 5 Биіктігі 13-18 м, сыйымдылығы 50 m^3 су көтергіш мұнара.

1.2 Сұранышыл ауылы аумағының инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайлары

Алматы облысы Қарасай ауданы Сұранышыл аулында жобаланып отырған сумен жабдықтау торабының орналасқан жері тау баурайына жақын, аудан орталығынан 20 км, Алматы қаласынан 45 км қашықтықта орналасқан. Геологиялық жағынан майда және ірі түйіршікті құмдардан тұратын аллювияльдық генезисті қазіргі төрттік дәуір шөгінділерінен тұрады. Жоғары қабаттың астында 0,8-1,2 м терендікке дейін тығыз сарғыш сұр тұсті саздақтар жатады. Саздақтардан төмен тығыз қуаты 5,5-6,8 м саздар жатады. Тұздану дәрежесі карбонатты-хлоридті.

Алғашқы зерттеу кезінде монолитті үлгілер алынып, олардың физико-механикалық қасиеттері зерттелінді.

Бұргыланған ұңғымаларда жер асты буырқанған сулары 3 – 5,5 м терендікте кездесті. Сулар хлоридті-карбонатты, натрийлі, магнийлі минерализациясы 1,2 – 1,6 г/л.

Бетонға қатысты алғанда буырқанған сулардың қалыпты тығыздықта, сульфатты жебірлігі бар. Фундамент табаны болып төрттік дәуірдегі құмдарға отырғызылады. Аудандағы топырактар әлсіз тұзданған.

Тұздану коэффициенті: құмдақ үшін – 0,13
саздақ үшін – 0,06
саз үшін – 0,03
құм үшін – 1,8.

Топырақтар сәл сығылады, бірақ отырмайды.

1.3 Сулы горизонтың гидрогеологиялық жағдайлары

Су ұстайтын ярус майда түйіршікті құмдардан тұрады. Ондағы сулардың арынды пьезометриялық деңгейі 4,8 м терендікте тұрады. 20 м-ге төмендегенде ұнғыманың дебиті 15 л/с.

Химиялық құрамы бойынша жалпы минералдығы 0,5 г/л дейінгі сульфатты-хлоридті-гидрокарбонатты-натрийлі. Сулы горизонтың жату терендігі 110-ден 140 м-ге дейін ауытқиды.

Бұл сулардың минерализациясы әлсіз. Төрттік дәуірде орналасқан су горизонты сарғыш-сұр түсті майда түйіршікті құмдардан тұрады, қуатты саз қабаттарымен жабылатын олардың кейбір қабаттарының қуаты 32 м дейін жетеді. Сулары кейбір кездерде арынды.

Бұырқанған суларының минерализациясы көп өзгеріске ұшырамайды, 0,4-0,5 г/л. Төрттік дәуір және неогендік су горизонтының су тіреуші болып палеогендік саз табылады.

Төрттік дәуір және неогеннің су горизонттарының үлкен минералдылығының арқасында сумен қамтамасыз етуге жарамсыздығына байланысты, одан да тереңірек барлық горизонт ұсынылады. Ұнғыманың сүзгісі 110-тан 140 м-ге дейін қондырылуы қажет. Бұл жағдайда ұнғыманың дебиті 20 м төмендегенде 13 л/с құрайды.

2 Техникалық бөлім

2.1 Су пайдаланушылардың құрамы және суды тұтыну көлемі

Шаруашылықтың орталығын сумен қамтамасыз етудің жобаланушы объектілеріне тұрғын үйлер, мектеп, балалар бақшасы, аурухана және бас жобаға сәйкес өндіріс аумақтары жатады.

Су пайдаланушылардың құрамы мен санын бас жобаға сәйкес қабылдаймыз.

Тұрғын ел аймағында су қолданудың мөлшерін ҚРҚН 4.01-02-2013 сәйкес қабылдаймыз. Орташа тәуліктік су шығыны $Q_{\text{орт.тәу}} (\text{м}^3/\text{тәу})$ төмендегі формула бойынша анықталады:

$$Q_{\text{орт.мая}} = 0,001(q_1N_1 + q_2N_2 + \dots + q_nN_n), \quad (1)$$

мұндағы q_1, q_2, \dots, q_n – ҚНЖЕ 4.01-02-2001 бойынша қабылданатын орташа тәуліктік су қолдану мөлшерлері.

N_1, N_2, \dots, N_n – су құбыры жұмысының есептелуші уақытының соңындағы су қолданушылардың саны.

Секторлар бойынша су шығынының есебі 3-кестеде келтірілген.

2.2 Су қолдану режимі

Шаруашылықтағы су қолдану жыл бойына да, тәулік бойына да бірқалыпты емес. Ең жоғарғы су шығынының есептеуши мерзімдегі орташасына қатынасы бірқалыпсыздық коэффициенті деп аталады. Елді мекендер үшін бірқалыпсыздық коэффициентін үйлердің тұрмыстық жағдайын жақсартуға байланысты қабылдайды. $K_{\text{max.тәу}} = 1,2 \div 1,4$ $K_{\text{min.тәу}} = 0,6$, сондықтан бұл жобалық тәуліктік максималды су шығындары 3-кестеде келтірілген.

2.3 Су пайдаланушылардың ең жоғарғы су тұтынуын анықтау

Ең жоғарғы тәуліктік су шығындары төменгі формуламен анықталады:

$$Q_{\text{max.тәу}} = K_{\text{max.тәу}} \cdot Q_{\text{орт.тәу}}, \quad (2)$$

мұндағы $K_{\text{max.тәу}}$ – максималды тәуліктік бірқалыпсыздық коэффициенті.

$Q_{\text{орт.тәу}}$ – су қолданушылардың орташа тәуліктік су шығындары, $\text{м}^3/\text{тәул.}$

Біздің жағдайда $Q_{\text{max.тәу}} = 927,81 \text{ м}^3/\text{тәул.}$

Осыдан орташа 1 сағат ішіндегі су қолданудың су шығыны мынаған тең:

$$Q_{opt.ca} = \frac{Q_{max,m}}{24} = \frac{927,81}{24} = 38,24 \text{ м}^3 / \text{саг.} \quad (3)$$

Су қолданушылардың максималды секундтық су алуы q_{max} (м^3) мынаған тең:

$$q_{max} = \frac{Q_{opt.ca}}{3,6} = \frac{38,24}{3,6} = 9,46 \text{ л / сек.} \quad (4)$$

Осылардың барлығының есебі А қосымша 5 кестеде көтірілген.

Сағаттық бірқалыпсыздық коэффициенті келесі формуламен анықтаймыз:

$$K_{ca} = \frac{Q_{max.ca}}{Q_{opt.ca}}. \quad (6)$$

Орташа сағаттық су шығыны тәменгі формуламен анықталады:

$$Q_{opt.ca} = \frac{Q_{max.ca}}{24}, \quad (7)$$

$$Q_{opt.ca} = \frac{100}{24} = 4,17\%.$$

Егер $Q_{max.ca}$ 100% деп алсақ, онда.

Әр су қолданушы үшін тәулік бойына сағаттық су шығындарының ауытқулары типтік графиктер бойынша қабылдаймыз.

Сумен қамтамасыз етудің барлық объектілері үшін сағаттық бірқалыпсыздық коэффициентін кестелік әдіспен анықтаймыз. Максималды сағаттық су шығыны тәуліктік су шығынның 9,05 құрайды. Сондықтан, жалпы сағаттық бірқалыпсыздық коэффициенті мынаған тең:

$$K_{max.ca} = \frac{6,7}{4,17} = 1,61.$$

Минималды қалыпты арын КРҚН 4.01-02-2013 байланысты қабылданған және мұнарадан ең алыс суалғыш құдықта 10 м, ал 2 этажды мектеп үйі жанындағы 14 м құрайды.

2.4 Өрт сөндіргіш

Сыртқы өрт сөндіргіштер, су құбыры жүйесінен 10-150 м арақашықтықта орналасқан гидранттардан автосораптар арқылы жүргізіледі. КРҚН 4.01-02-

2013 сәйкес сыртқы өрт сөндіргіштердің есептелуші су шығындары тұрғындары 5000 адамға дейінгі елді мекендер үшін 10 л/сек деп қабылданған, ішкі өрт сөндіргіштердің су шығындары да 5 л/сек деп қабылданған. 2,5 л/с-тан 2 бірегей ағын.

Бір мезгілдегі есептеуші өрттің саны – 1. Өрт сөндірудің ұзактығы сағат. Өртке арналған тиілмейтін су қорының көлемін 3 сағат бойына өрт сөндіруді қамтамасыз ету есебімен және шаруашылық ауыз сумен өндіріс қажетінің максималды су шығындары арқылы анықтаймыз:

$$Q_{opt} = (Q_{сырт} + Q_{ішкі}) \cdot 3 \cdot 3,6 + 3, \quad (8)$$

$$Q_{ауыз\ су} = 0,15 \cdot Q_{ауыз\ су}, \quad (9)$$

мұндағы $Q_{сырт} = 10$ л/с – сыртқы өрт сөндіруге есептелген су шығыны; $Q_{ішкі} = 5$ л/с ішкі өрт сөндіруге есептелген су шығыны; $Q_{ауыз\ су}$ – ең көп пайдаланылған 3 сағаттағы қосынды су шығындары;

$$Q_{ауыз\ су} = 44,602 + 44,602 + 34,608 = 123,81 \text{ м}^3,$$

$$0,15 \cdot Q_{ауыз\ су} = 0,15 \cdot 123,81 = 18,57 \text{ м}^3.$$

Жоғарғы формулаға мәндерін қойып табамыз.

$$Q_{өрт} = (10 + 5) \cdot 3 \cdot 3,6 + 123,81 - 18,57 = 267,24 \text{ м}^3.$$

Өрт сөндіру үшін пайдаланылмайтын су қоры таза су резервуарларында сақталады. Пайдаланылатын резервуарлардағы су деңгейінің шаруашылық ауыз су сораптарының автоматты сөнуімен және ұнғымалардағы I көтергіш сораптардың қосылуымен қамтамасыз етеді.

II көтергіш сорап станциясының машина залында 2 кешенді өрт краны және 2 көбікті өрт сөндіргіш орнатылады.

Өрт резервуарларының гидранты қондырыларының және өрт крандарының орналасқан жерлерінде МЕСТ 12.4.0.000-83 бойынша көрсеткіштер қарастырылған.

2.5 Су жабдықтау жүйесін және су көзін тандау

2.5.1 Сумен жабдықтау көзін тандау

Шаруашылық жағында сумен қамтамасыз етуге сенімді жер үсті су көздері (өзендер), су қоймалары және тағы басқаларының жоқ болуына

байланысты орталықты сумен қамтамасыз ету үшін 2 барлау-пайдалану ұңғымаларын қарастырамыз: бірі жұмыс істейтін, екіншісі – қосымша. Гидрогеологиялық бақылауларға байланысты ұңғыманың жобаланушы дебиті $43,2 \text{ м}^3/\text{сағ}$ күрайды. Судың сапасы ауыз су сапамына сай келеді. Судың минералдануы $1,9 \text{ г}/\text{l}$. Ұңғыманың негізгі берілгендері:

- 1 Ұңғыманың дебиті – $13 \text{ л}/\text{с}$.
- 2 Абсолюттік белгісі – $721,2 \text{ м}$.
- 3 Қаққанға дейінгі ұңғыманың тереңдігі – $200,0 \text{ м}$.
- 4 Төмендеу – $6-20 \text{ м}$.
- 5 Судың пезометриялық деңгейі – $4,5 \text{ м}$.
- 6 Минералдану – $1,2 \text{ г}/\text{l}$.
- 7 Пайдаланылатын сутартқыш сорап – ЭЦВ 8-40-60.

2.5.2 Сумен жабдықтау жүйесін таңдау

Жобада орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесі қабылданған, мұнда шаруашылық – ауыз су және өрттің су құбырлары біріктірілген.

Гидрологиялық берілгендерге және гидрологиялық экспедициясының жүргізген судың химиялық талдануының берілгендеріне сәйкес горизонты 440-500 ұңғымадан алынатын су талабын қанағаттандырады. Сондықтан жобада су қолданушыларға суды бере алдында оны хлорлау қарастырылған.

Сумен қамтамасыз ету схемасы келесідей:

ЭЦВ 8-40-60 типті I көтергіш сораптарымен су ұңғымадан резервуарға беріледі, II көтергіш сораптарымен су айдағыш мұнара мен су таратқыш жүйеге айдалады. Қабылданған сумен қамтамасыз ету схемасына сәйкес жобада келесі құрылыстар қарастырылған.

1 Құбырлы құдықтарда I көтергіш сорап станциясы – 2 дана (жұмысшы – қосымша).

2 Тиілмейтін су қорларын сақтауға арналған және 300 м^3 су беруді реттейтін резервуарлар – 2 дана.

3 II көтергіш сорап станциясы.

4 Сағатына өндіріштігі $0,5 \text{ кг}$ хлор өндіретін, ауыз суды залалсыздандыруға арналған хлоратор бөлмесі.

5 Сыйымдылығы 50 м^3 су көтергіш мұнарасы – 11-12.

6 Диаметрлері 100 мм су құбырлары және су таратқыш желілер.

2.6 Санитарлық қорғау аймақтары

2.6.1 I көтергіш сорғы станциясының торабы

Жер астынан суды алу үшін мемлекеттік санитарлық инспекция бекіткен жер асты су көздерінен сумен қамтамасыз етілетін шаруашылық-ауыз су

құбырларының санитарлық аймағын қорғауды бекітүге арналған бағыттамасына сәйкес З санитарлық қорғау белдігіне бөлінеді: бірінші белдеу – қатаң, тәртіпті аймақ, екінші және үшіншісі – шектеу аймақтары.

Арынды су горизонтын қолдануды ескеріп, санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінің шекарасы суалғыш ғимараттан 30 м арақашықтықта орналастырылады.

Екінші және үшінші белдеулердің шекаралары су алғыштың жұмысының есептелуші уақыты ішінде су горизонтына, осы белдеулердің шекарасында немесе сыртында түскен кейбір қоқыстар суалғышқа жетпеулері керек. Санитарлық қорғаныс аймағының (СҚА), екінші белдеуі су горизонтын микробтардың ластауынан қорғау үшін тағайындалған.

СҚА екінші белдеуі шекарасынан суалғышқа дейінгі арақашықтықты анықтайтын негізгі параметр болып микроорганизмдердің өмір сүргіштігін жоғалту үшін жеткілікті болатындай микробты ластанудың жер асты сулары ағынымен суалғышқа қарай жылжуының есептелуші уақыты (t_{\min}) табылады.

Есептеулерге сәйкес және су көздерінен шаруашылық-ауыз суды қамтамасыз ететін СҚН екінші және үшінші белдеулерінің шекараларын анықтау үшін гидрологиялық есептеулердің жалпы ұзындығы 115 м құрайды, белдеудің ені – 155 м.

СҚА үшінші белдеуі жер асты суларын химиялық ластанудан қорғауға арналған. СҚН үшінші белдеуі шекарасынан суалғышқа дейін ластанған судың жылжу уақыты жобаланушы пайдалану уақытынан (25 жыл) көп болуға тиіс.

Ереже сияқты бұл белдеу өнімділігі тәулігіне $50\ 000\ m^3$ артық жер асты сүйненің ірі суалғыштарына қойылады. Суалғыштың өнімділігі $623,77\ m^3/\text{тәулік}$ құрайтынын ескеріп, СҚА үшінші белдеуінің шекараларын анықтаймыз.

2.6.2 II көтергіш сорғы станциясының торабы

II көтергіш сорап станциясы үшін СҚА $80 \times 90\ m$ өлшемде болып қойылады және мынадай арақашықтықтарда қарастырылуы керек.

- резервуарлар, сұзгілер қондырғысынан $28\ m$ -ден кем емес.
- су айдағыш мұнара және басқа ғимараттар қабырғасынан – $16\ m$ -ден кем емес.

I және II көтергіш сорап станциясының СҚН биіктігі $2,5\ m$ болатын, үстінде 3 қатар тікенек сымы бар темір бетон қоршауларымен қоршалады.

2.7 Суалғыш құрылыштар

I көтергіш сораптың есептелуші өнімділігін оның тәулігіне 20 сағат жұмыс істеу жағдайы бойынша анықтаймыз. Демек,

$$623,77 : 20 = 31,19\ m^3/\text{сағ}.$$

Бұл үшін өнімділігі сағатына 40 м^3 және Арыны 60 м, қуаты 11 кВт 2ПЭДВ 11-180 электродвигательді ЭЦВ 8-40-60 сорабын қолданамыз. Мұнда сораптың енгізу төрөндігі 22 м құрайды. Жобаланушы ұңғыманың берілгендеріне байланысты оның есептелуші шығынын 13 л/с немесе $44,3 \text{ м}^3/\text{сағ}$ құрайды, төмендеуі 20 м, 15 м төмендегендегі қажетті қолданылатын шығын 33 $\text{м}^3/\text{сағ}$ аламыз. Есептелуші төмендеу деңгейін Дюпи формуласы бойынша табамыз:

$$Q_{\text{есен}} = \frac{S \cdot Q_{\text{max, my}}}{Q_{\text{жобал}}} = \frac{22 \cdot 33}{44,3} = 16,4 \text{ м}, \quad (11)$$

мұндағы $Q_{\text{max, tэул}}$ – елді мекенге қажетті тәуліктік су шығыны.

$Q_{\text{жобал}} = S = 20 \text{ м}$ төмендеу кезіндегі ұңғымадан алынған су шығыны.

$Q_{\text{есен}}$ – суды алу кезіндегі деңгейдің есептік түсі.

Судың көтерілуінің толық биіктігін төменгі формуламен табамыз:

$$H = H_r + H_p + H_h + H_c = 25,5 + 1 + 2 + 3 = 31,5 \text{ м}, \quad (12)$$

мұндағы $H_r = 25,5 \text{ м}$ – суды көтерудің геометриялық биіктігі.

$H_p = 1 \text{ м}$ – сораптан резервуарға дейінгі арынның жоғалуы.

$H_h = 2 \text{ м}$ – сораптағы және су көтергіш құбырдағы арынның жоғалуы.

$H_c = 3 \text{ м}$ – бос ағудағы арынның жоғалуы.

Сорап станциялары маркасы ЭЦВ 8-40-60 сораптарымен жабдықталады және диаметрі 1500 мм 2 жер асты камерасынан тұрады.

Ұңғыманы бұрғылау УРБ – ЗАМ становымен сазды ерітіндімен забойды шайып, роторлы тәсілмен жүргізіледі.

1 200 м төрөндікке дейін ұңғыманың стволының өтуі параметрлері келесідей диаметрі 244 мм үшшарошкалы долотамен жүргізіледі: а) сазды ерітінді тығыздығы – $6,58 \text{ г/дм}^3$; б) тұтқырлығы – 24 с; в) су беруі – 22 см^3 ; г) құрамында құмның болуы барлық салмағының 4 пайызынан артық емес.

2 Өткен аралық сыртындағы кеңістігі M-400 цементімен цементтеліп, диаметр 168 мм қаптама құбырлармен бекітіледі.

3 Жобаланушы 481 м төрөндікке дейін ұңғыманың өтуі диаметр 146 мм үшшарошкалы долотамен жүргізіледі. шаю сұйықтығының параметрлері бірінші пункттегідей.

4 Бұрғылау біткеннен кейін ұңғымада ернеуінен забойға дейін гамма-каretаж және жыныстарды метологиялық талдау мен сұзгілер орнататын аралықтарды тексеру үшін 200-481 м аралығында КС және ПС тәсілдермен электрокаротаж жүргізіледі.

5 Тексерілген және корректировкаланған аралықтарға диаметр 114 мм, жалпы ұзындығы 286 см, сүзгінің жұмыс істейтін бөлігі – 20 м сүзгі колоннасы қондырылады.

6 Сүзгі колоннасын қондырганнан кейін ұнғыманың стволын таза сумен шаюға кіріседі. Мақсаты, оның қабыргаларын саздан тазарту және су горизонттының су беруін қалпына келтіру. Шаю ұзақтығы – 1тәулік.

7 Құрылыштық су айдау. ДК-9м компрессор көмегімен эрлифтпен 3 тәулік бойына жүргізіледі. Айдау соңынан химиялық талдау үшін үлгі алынады.

8 Айдау соңынан кейін және есептелуші жақын мәндер алғаннан кейін пайдалану үшін ЭЦВ 8-40-60 пайдаланатын су қабылдағышпен (сораппен) жабдықталады.

Берілген шығынды суалғыш ұнғыманың жұмыс уақытын білу үшін төменде сүзгінің жұмысшы бөлігінің ұзындығы (l_0) оның су ұстағыш қабілетінің (f) талабын ескеріп, су ұстағыш қабілеті (f) 20 пайызға ұнғыманың есептелуші шығынан артық болуы тиіс, демек

$$l_0 = \frac{Q_p}{f} \cdot 1,2, \quad (13)$$

мұндағы f – сүзгі ұзындығының 1 погондық метріндегі су ұстасу қабілеті $f = 65\pi d \cdot \sqrt[3]{k}$.

d – сүзгі диаметрі.

Q_p – ұнғыманың есептелуші дебиті, $\text{m}^3/\text{тәул}.$

K – сүзілу коэффициенті.

Сонда, l_0 анықтау үшін барлық мәндерін орнына қоямыз:

$$l_0 = \frac{591,05 \cdot 1,2}{6,5 \cdot 3,14 \cdot 0,114 \cdot \sqrt[3]{10}} = \frac{709,26}{50,10} = 14,16 \text{ м.}$$

Сүзгінің жұмысшы бөлігінің ұзындығын пайдалану горизонттының қуатына тең қылыш, 20 м деп қабылдаймыз. Сүзгінің жұмысшы бөлігі 440-460 м аралығында орнатылады және электрокаротаждың берілгендері бойынша нақтыланады.

2.8 Су сапасын жақсартуға арналған құрылыштар

Қазіргі тазалау құрылыштарында суды залалсыздандыру санитарлық көзқарас жөнінен сумен қамтамасыз етудің су көздері сенімсіз болған барлық жағдайларда жүргізіледі. Залалсыздандыру, хлорлау, аzonдау, бактерицидті сәулелермен жою және тағы басқа тәсілін судың сапасын және шығынын

ескеріп, оның тазалану тиімділігін және реагенттерді сақтау мен жеткізу жағдайларын ескеретін техника-экономикалық негіздеудің негізінде, қын жұмыстардың процестерін автоматтандыру мен механизациялауды ескеріп таңдайды.

Жобада қабылданған залалсыздандыру тәсілі – сұйық хлормен хлорлау. Өйткені жер асты су көздері хлорлаудан басқа өндөуге келмейді.

Хлордың немесе оның туындылары әсерінен суда бар бактериялар өледі. Сондықтан хлорлау судағы микроорганизмдердің көбеюін болдырмайтын жақсы орта болып табылады. Хлорлау эффектті болу үшін жақсылап араластырылуы қажет, ал сосын су, су қолданушыға жеткенге дейін 30 минуттан кем келсе су мен хлор әсерлесуі керек. Әсерлесу таза су резервуарында (TCP) немесе тұтынушыларға су берілетін су құбырларында жүргізілуі мүмкін.

Хлор мөлшерін тұтынушыға берілетін 1 мл суда реакцияға түспейтін (қалдық) 0,3 бөлү 0,5 мг хлор қалатындағы етіп қабылданған хлор мөлшерінің жеткіліктілігінің көрсеткіші болып табылатын ұлғіні хлорлау есебінен қабылдайды.

Хлорды мөлшерлеу үшін хлор мөлшерлегіштер қолданылады. Көп тарағаны ЛОНИН-100 жүйелі вакуумды хлор мөлшерлегіштер.

Дипломдық жобада қабылданған өнімділігі сағатына 0,5 кг хлоратор бөлмесі қоймадан, хлор мөлшерлегіштен, сорап және вентиляторлы камерадан тұратын аралық 6 м ғимараттан тұрады. Сыйымдылығын 55 м баллондармен хлор әкелінеді. Булану – буландырғыштарда.

Хлор баллондары бар көлік қойма қақпасы алдындағы монорельстер астындағы ашық алаңқайға тоқтатылады. Баллондарды көтергіш кран көмегімен арбаға түсіреді, қоймаға кіргізеді және тұрақ шұнқырына вертикальды жағдайда орналастырады.

Сұйық хлор баллоннан хлор өткізгіш құбырлар арқылы буландырғышқа өткізіледі, мұнда ол газ жағдайына өтеді, әрі қарай хлор ласты тастау құбырынан (аралық баллон) өтеді және хлораторлар арқылы эжекторларға әкелінеді.

Хлор қозғалысы эжекторлардағы сору есебінен оларға су беру кезінде жүреді, хлораторлар мен эжекторлар 1-этаждың полынан 3,5 биіктікте орналасқан және 2,4 м белгісіндегі ауданшадан тазартылады. Хлоратор сұнының жалпы Арыны 6,5 м (1 этаж едені деңгейінен).

Хлорлы су эжекторлардан кейін жеке құбыр өткізіштер арқылы хлораторныйда шығарылып тасталады.

Жобада диаметрі 25 мм резервуарларға жеткізілетін 2 жікті коливини хлоридтен жасалған құбырлар қабылданған.

I-ші және II көтергіш соралтары алдындағы сарғыш патрубкаға барады.

Хлор өткізетін құбырларды ласты тастау құбырлары, буландырғыштарды әлсін-әлсін хлордан тазалау үшін, сондай-ақ азоттың жиналудың болдырмас үшін қысылған азотпен шаю қарастырылған.

Сондай-ақ хлоратор бөлмесінен хлор қоймасында ауаны қысқа мерзімде ауыстырып тұратын С 6-12 ағынды сору вентиляциясы қарастырылған.

2.9 Су өткізгіштер

I көтергіш сорап станциясы ұнғымасынан резервуарларға су өткізгіштер диаметрі 100 мм болат құбырлардан салынады.

II көтергіш сорап станциясынан, арынды су мұнарасынан және желіден су өткізгіштер диаметрі 150 мм болат құбырдан 2 қатар етіп салынады.

Болат су өткізгіш құбырлар өте күштейтілген гидроизоляциямен, битумды резинамен оқшауландырады және 2-2,2 м терендіктеге орналастырылады.

2.10 Су өткізетін таратқыш жүйелер

Су өткізетін таратқыш жүйелер сумен қамтамасыз ету жүйесінің бір ең негізгі элементтері болып табылады және өз жұмысында су өткізгіштермен, сорап станциясымен, жүйеге берілетін, сондай-ақ реттеуші ыдыстармен (резервуарлар мен мұнаралар) үзіліссіз байланысты.

Су өткізгіш жүйе келесі негізгі талаптарды қанағаттандыру керек:

1) Берілген су мөлшерін оны тұтынушы орындарға керекті Арынмен су беруді қамтамасыз ету.

2) Жеткілікті сенімділік дәрежесі мен және тұтынушыларды сумен қамтамасыз етудің үзіліссіздігіне ие болу керек.

Осылан басқа қойылған талаптарды орындау кезінде экономикалық жүйе ең тиімді болып жобалануы тиіс, демек жүйенің өзін, сондай-ақ онымен үзіліссіз байланыста жұмыс істейтін басқа да жүйенің құрылыштарын салу және пайдалану кезіндегі келтірілген шығындардың ең төмен мәнін қамтамасыз ету керек.

Бұл талаптарды орындалуы құбыр материалы мен жүйенің конфигурациясын дұрыс таңдай алumen, сондай-ақ техника және экономика көзқарасынан құбыр диаметрін дұрыс анықтаумен жетуге болады.

Жүйені жобалаған кезде шешетін ең бірінші есеп болып оны трассалау жатады, демек жоспарда оған анық геометриялық форма беру керек.

Су өткізгіш жүйенің сзықтарының орналасуы мынаған байланысты:

Сумен қамтамасыз етілетін объектінің жоспарлану сипатына, кейбір су тұтынушылардың орналасуына, өткелдердің орналасуына, тұрғын үй кварталдарының, шектардың, отырғызылған ағаштардың және тағы басқаларының формасы мен өлшемдеріне.

Су өткізгіш таратушы жүйе резина манжеттерімен тығыздалған ГОСТ 9583-75 шоюын құбырларымен жасалған тұйық участкелі сақиналы болып жобаланған. Құбыр диаметрлері гидравликалық есептеулерге сәйкес қабылданған.

Жүйеде диаметрі 1,25 және 1,5 м задвижкалар мен өрт гидранттары орнатылған құдықтар қаастырылады. Сондай-ақ 150-200 м арақашықтықта су таратқыш калонкалар орнату қаастырады.

Құбырлардың салыну тереңдігі 2 бөлу 2,2 м етіп қабылданған.

